

Мемлекеттілік – ең алдымен тәуелсіздік, патриотизм және халықтың рухы деген сөз.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ТЕҢГЕ ДҮНИЕГЕ
КЕЛГЕН КҮН

1993 жылғы 15 қарашада
Ұлттық валюта
айналымға енді

3

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



«СЕРГЕК» ҚАШАНДА
СЕРГЕК

7

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 12 қарашадағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 008 015

II компонентпен
958 538

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

13.11.2021

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+9+11 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

14.11.2021

Түнде:



0+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+9+11 °C
Көшпелі бұлтты,
күннің аяғында жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

РЕВАКЦИНА

бәріміздің денсаулығымыз үшін керек



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыда әзірге ковидке қарсы тұра алатын жеткілікті ұжымдық иммунитет қалыптаспаған. 22 қарашада мегаполисте ревакциналау науқаны басталады. Осы өзекті мәселелерді Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында қаланың бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин тарқатып айтып берді.

Алматыда індет көрсеткішінің төмендегеніне қарамастан, эпидемиологиялық ахуал бұрынғысынша күрделі. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының мәліметінше, соңғы аптада тұрғындар арасында КВИ-дің 1065 жағдайы тіркелген (бір апта бұрын 1398 болған еді). Өткен тәулікте КВИ жұқтырған 146 адам анықталған. Қала елдегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасының «сары аймағында» тұр.

5

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

КЕПІЛДІК БЕРЕДІ

Алматыда мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасы бар ұйымдардың тізімі жасалды

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастарды және Алматыда пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін де кәсіпорындар айқындалды.



Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев қол қойған қаулыда мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыруға 2–4 пайыздық квотаны сақтау, оларды негізсіз жұмыстан шығару фактілеріне жол бермеу, еңбек құқықтарын сақтау және әлеуметтік ортаға тартудың маңыздылығы туралы айтылған.

– Бүгінгі қаулы алдыңғыдан өзгеше, онда нақты ұйымдар көрсетілген. Біз екі жыл бойы 50-ден астам адам еңбек ететін әр ұйымнан ақпарат жинадық. Олар бізге өздерінде қанша адам жұмыс істейтіні, оның ішінде қаншасы мүгедек жан екендігі және заң бойынша, яғни квота шеңберінде қанша-

сы жұмыс істеу керектігі туралы ақпарат жіберді. Бұл жұмысты біз аталған тізімді дайындау үшін жүргіздік, – деп түсіндірді қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының жұмыс берушілерді қолдау бөлімінің маманы Д.Жолдасова.

Енді өтініш беруші тізімде көрсетілген ұйымға өзі тікелей жүгіне алады. Бұл құжат жұмыс берушіге теріс бұрылып кетуіне мүмкіндік бермейді. Өйткені, оның кәсіпорны тізімде тұр және сол тізімге сәйкес белгілі бір жұмыс орындарын ашуға міндетті.

(Ұйымдардың тізімімен
10–14-беттерден танысуға болады).

ҚЫСҚА...

- Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай Қазақстан фотожурналистикасының ардагері, ҚР фотоөнерінің қайраткері Нұрманбет Қизатұлының «Жан шуақ» атты фотоиллюстрациялық альбом-кітабы жарық көрді.
- Режиссер Әділхан Ержановтың «Сары мысық» картинасы «Шет тіліндегі үздік фильм» санатындағы «Оскар» киножұлдесіне ұсынылды.
- «Керуен» компаниясының тобы Алматыда жаңа перинаталды орталықтың құрылысын бастайды.
- Алматы жастарына 5 жылға үйді жалға алуға өтінімдер 15 қарашадан қабылдана бастайды.
- Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры логотипін өзгертіп, ребрендинг жүргізді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



«ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ»



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақ Елінің жаңа дәуірі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Айтулы шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Сенаты мен Мәжіліс депутаттары, Алматы қаласы әкімдігінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, тарихшы ғалымдар мен сарапшылар, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қатысты.

Конференцияның ашылуында ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Құттықтау хатын ҚР Парламенті Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Мұрат Бақтиярұлы оқыды. Хатта: «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына байланысты іс-шаралар халыққа рухани серпіліс әкелуі қажет. Бұл тарихи датаның мәні мен маңызын халыққа түсіндіру, ашып көрсету өте маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ Елінің жаңа дәуірі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның берері мол», – делінген. Құғын-сүргінге толы нәубетті жылдардың, ашаршылықтың ауыр зардаптары туралы айтқан спикер, тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілгенін тілге тиек етті. «Өткен ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқының басынан аса ауыр нәубет жылдар өткені



Суретті түсірген М.ЖҮНІСБЕКОВ.

тарихи шындық. Деректерде көрсетілуінше, екі реткі аштықта халқымыздың тең жартысынан астамы құрбан болды. Тарихшыларымыз ашаршылыққа ұшырамасақ, осы күнде 40–50 миллион болар едік деген болжам жасайды. Осыдан-ақ қызыл империяның қолымен жасалған ашаршылықтың қаншалық ауыр болғанын аңғаруға болады», – деді Мұрат Бақтиярұлы. Конференция барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жүлдіз Сүлейменова онлайн қосылып, «Тәуелсіздік тұғырын нығайтуда ҚазҰУ-дың үлесі зор. Отандық ғылым, білім саласының білікті кадрлары егемен еліміздің кемел келешегін қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді», – деді. Жиынға қатысушылар Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы алатын орны мен маңызын, сыртқы саяси қатынастарының қалыптасу үдерісі туралы келелі ойларын ортаға салды.

«Тәуелсіздік – бұл біздің халқымыздың ең басты құндылығы және ең маңызды байлығы. Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау – Отанымыздың әрбір азаматының аса маңызды міндеті әрі қасиетті борышы. Бүгінгі білім беру саласында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алар орны ерекше. Білімнің қара шаңырағы QS жаһандық рейтингте 165-орында тұрса, ұлттық рейтингтерде көш басында келеді. Білім мен ғылымды ұштастырып отырған оқу ордасы алдағы уақытта да сапалы білім мен тәрбие беру бағытындағы маңызды да мазмұнды жобаларын жүзеге асыра береді деген сенімдеміз», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров. Конференция соңында Қазақстанның әлемдегі орны мен рөлінің халықаралық деңгейде зерттелуіне жана серпін берілетіні белгілі болды.

БАРЛЫҒЫ ТАЛАПҚА САЙ

Алматыға Pfizer вакцинасының алғашқы 46000 дозасы келді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Динара
МҮРАТ

Бейсенбі күні таңғы сағат 7-де Pfizer вакцинасының алғашқы партиясы №7 Қалалық клиникалық ауруханаға жеткізілді. Арнайы температураны сақтауға мүмкіндік беретін 8 қораптағы 46 800 дана америкалық вакцина қабылданды. Әр компонент сәйкесінше 23 400 данадан.

«Бүгін таңғы 7-де аталмыш вакцина әуежайдан Орталық вакцина қоймасына қабылданды. Осы жерден екпе Алматының барлық ауруханаларына таратылатын болады. Вакцина температураның барлық жағдайларын ескере отырып әкелінді», – дейді қалалық клиникалық аурухана директорының эпидемиологиялық жағдай мен инфекциялық бақылау жөніндегі орынбасары Эльвира Ибрагимова.

Эпидемиологтың айтуынша, барлық қораптар арнайы температура сезбегімен жаб-

дықталған. Сезбек тасымалдау барысында бастан-аяқ қосуды болған. Олардың жұмысы тек орталық қоймада тоқтатылды. Ережеге сәйкес әр қорап 5 минуттың ішінде ашылып, вакцина тоңазытқыштарға салынды. Бұған дейін препаратты одан әрі сақтау үшін Алматы қоймасына арнайы екі тоңазытқыш алынған. Ондағы температура – 60–90 градус аралығында. Мұның барлығы екпенің нұсқауларға сәйкес жеткізілгенін көрсетеді. Емханалар вакцинаны арнайы термоқораптарда қабылдап, +2 мен +8 температура аралығындағы режимде бір ай сақтай алады.

«Емханалар вакцина алған кезде температура режимі өзгереді. Яғни вакцинаны сақтау +2, +8 градус температурада жүзеге асырылады. Бұл нұсқаулықта жазылған», – деп атап өтті Э.Ибрагимова.

Вакциналау ең алдымен медициналық нысандарда, кейін білім беру орталықтарында жүреді. Олардың қатарына мектептер, жоғары оқу орындары, орта білім беру мекемелері кіреді. Екпенің бірінші және екінші компоненті 21 күннен 28 күн аралығын сақтай отырып салынады. Pfizer вакцинасы ерікті түрде:

12 және одан жоғары жастағы жасөспірімдерге;
жүкті әйелдерге – жүктіліктің 16-дан 37-ші аптасына дейін;
лактация кезіндегі әйелдерге – босанғаннан кейінгі кезең аяқталғаннан кейін (42 күннен кейін) салынады.
Жалпы, Қазақстан арнайы келісім бойынша Comirnaty Pfizer/BioNTech вакцинасының 4 млн.-нан астам дозасын сатып алды. Қалған партиялар елімізге кесте бойынша апта сайын жіберілетін болады.

ЖАЛҒА ҮЙ БЕРУ БАСТАЛДЫ



Динара
МҮРАТҚЫЗЫ

Қала тұрғындарының сұрақтарына жауап бере отырып, шаһар басшысы Б.Сағынтаев 15 қарашадан бастап 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар үшін жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы бойынша өтінімдер қабылдау басталатынын хабарлады. Өтінімдерді 20 қараша, сағат 23.59-ға дейін беруге болады. Өтінімдерді қабылдау www.almaty-jastyry.info сайтында жүргізіледі, сайтқа кіру өтініш берушілердің электрондық-цифрлық кілттері бойынша жүзеге асырылады.

Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: жасы – 29 жасқа дейін, Алматыда соңғы екі жылдан кем емес тұрақты тіркелуі, соңғы екі жыл ішінде Қазақстан аумағында тұрғын үйінің болмауы. Бұдан басқа, соңғы 6 айда үміткерлердің ай сайынғы жалақысы 40 АЕК-тен жоғары болуға тиіс – 116 680 теңге.

Қажетті құжаттардың, жиі қойылатын сұрақтардың тізбесі туралы толық ақпарат жоғарыда көрсетілген сайтта жарияланған.

Берілетін пәтерлер Наурызбай ауданындағы «Алма Сити-5» жаңа ТК және Алатау ауданындағы «Мәдениет» ТК орналасқан. Жалпы саны – 1050 бір бөлмелі пәтер. Жалға беру мерзімі – ұзарту құқығынсыз 5 жыл.

Бұдан басқа, қалада жастарға «Алматы

жастары 3.0» жеңілдетілген несие беру бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама бюджеті – 18 млрд. теңге. Қарыздың ең жоғарғы сомасы – 18 млн. теңгеге дейін, пайыздық мөлшерлеме – 5%, бастапқы жарна – 10%.

Осы бағдарлама бойынша жыл сайын 1000 жас бастапқы және қайталама тұрғын үй сатып алу мүмкіндігіне ие болады. Бүгінгі таңда «Алматы Жастары 3.0» бағдарламасы бойынша 14,7 млрд. теңге сомасына 868 несие берілді.

Бағдарлама білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, БАҚ, әлеуметтік салаларда жұмыс істейтін жастарға арналған. Сондай-ақ, оны жоғары оқу орындары мен ҒЗИ, құқық қорғау органдарының қызметкерлері пайдалана алады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Рухани жаңғыру»
бағдарламасы аясында

347

жоба іске қосылды.



Медеудегі «Денсаулық
жолының» ұзындығы

4300

метрді құрайды.



Алматыда

182 мың

студент оқиды.



Қалада көпқабатты

8645

тұрғын үй бар.



«Алматы жастары 3.0»
бағдарламасы аясында

14,7 млрд.

теңге сомасына

868 несие берілді.



Қалада

137 екпе пункті

күнделікті жұмыс істейді.



ТӘУЕЛСІЗДІК – 30

Берекет КӘРІБАЕВ,

ҚР ҰҒА академигі, профессор, тарих ғылымының докторы

ТЕҢГЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КҮН

1993 жылғы 15 қарашада Ұлттық валюта айналымға енді

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің тікелей жемісі, әрі бір көрінісі болып табылатын ұлттық валютамыздың – Теңгенің өмірге келген күні – 1993 жылдың 15 қарашасы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы аса маңызды тарихи оқиғалардың қатарына жатады.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялады. 70 жылдан астам уақыт бойы мемлекет үшін маңызды көптеген мәселелерді Орталық бақылап және шешіп отырғандықтан тәуелсіз Қазақ елінің аяғынан тұрып, қадамын нық басып кетуі үшін дербес батыл шешімдер қажет еді. Мәскеудің ықпалы мен құзыретінде қалып қойған аса маңызды мәселелердің қатарында – ақша айналымға мәселесі болды. Себебі, Қазақстан Республикасында сол кезде өзінің банкнотасын шығаратын фабрикасы мен Монета сарайы жоқ еді. Сол себепті де, тәуелсіздік жариялаған 1991 жылдың 16 желтоқсанынан теңге айналымға енгізілген 1993 жылдың 15 қарашасына дейін Қазақстанда төлем құралы ретінде КСРО Мемлекеттік банкінің немесе Ресей Орталық банкісінің 1961–1991 жылдары шығарған рубльдегі банкноталары мен монеталарын пайдалануға мәжбүр болып отырды. Осылайша екі жылға жуық уақыт бойы Қазақстан өзінің ішкі шаруашылық айналымына қажетті қаражат – Ресейдің рублін Мәскеуден сатып алып отыруға мәжбүр болды.

1992 жылы шілде айында Ресей Федерациясы өзінің жаңа төл ақшасын айналымға енгізіп, КСРО кезіндегі «рубльдің аймағында» қалып отырған Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдердің қаржылық жүйелеріне зор нұқсан келтірді. Мысалы, осы кезден бастап кеңестік бұрынғы рубльдер Ресей және жаңадан тәуелсіздігін алып, өз валюталарын шығарып үлгерген бұрынғы ке-



секілді Ресей Федерациясының субьектісі ретінде енуі керек; екіншіден, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сыртқы сауда қатынастары барысында жинақталған 700 млн.-нан астам АҚШ долларындағы алтын-валюта резервін Ресейдің Орталық банкіне тапсыруы керек. Бұл дегеніміз – Қазақстанға тәуелсіздігін жоғалту дегенді білдіреді. Міне, осы көрсетілген жағдайлар және олардың тереңдей түсуі Қазақстан Республикасын өз ақшасын шығаруға ұмтылдырады.

Қазақстанға өз тәуелсіздігін сақтап қалу үшін өзінің ұлттық валютасын шығару күн тәртібіне қойылды. Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен Ұлттық банк қазақстандық төлем құралын дайындауға кіріседі. 1992 жылдың 27 тамызы күні Ұлттық банк болашақ теңге купюрасының 1, 3, 5, 10, 20, 50, 100 номиналдағы банкноталық үлгілерін бекітті. Оны шығару үшін ағылшынның пошта маркалары және банкнота жасаумен айналысатын «Харрисон және оның ұлдары» компаниясымен өзара келісім-шарт жасалады.

Қазақстан өз ақшасын даярлап жат-

онда жаңа валютаның енгізілу мерзімі, тәсілі, жаңа валютаны айырбастау пункттеріне жеткізу мәселелері, қолма-қол ақшаны айырбастау коэффициенті мен лимиттері, валюта бағамын қалыптастыру және басқа маңызды мәселелерді айқындады. 1993 жылы 12 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығы шықты. Ол Жарлықта «Қазақстан Республикасы аумағында 1993 жылы 15 қарашада сағат 08.00-ден Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілсін; 1993 жылғы 18 қарашада сағат 08.00-ден бастап теңге Қазақстан Республикасының заңды төлем құралына айналады», – деп көрсетілген.

13 қарашада республикалық газеттер жаңа валюта – теңгенің суреттерін жариялады. Теңгенің жеті бірлігінде қазақ тарихында ерекше орын алатын жеті тарихи тұлғаның бейнелері берілген. Бір теңгелік банкнота – «әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби, үш теңгелікте – атақты акын Сүйінбай, бес теңгелікте – атақты күйші Құрманғазы, он теңгелікте – ғұлама ғалым Шоқан, жиырма теңгелікте – ұлы акын Абай, елу теңгелікте – Әбілқайыр хан, жүз теңгелікте – Абылай хан бейнелері салынған.

Ал қарашаның 15-інен 20-сына дейінгі алты күн рубльді теңгеге ауыстыру үшін берілді. Тура алты күнде халық қолдағы ақшасын тәуелсіз елдің валютасына айырбастауы керек еді. Адамдар бес жүз сомды бір теңгеге айырбастады. Теңге бірінші айналымға түскен күні оның АҚШ валютасына шаққандағы құны – 1 доллар 4,75 теңге болып бекітілді. Елімізде алғаш рет 1993 жылы 22 қарашадан бастап зейнетақы мен еңбекақы теңгемен беріле бастады.

Кейіннен ҚР Президентінің Жарлығымен 15 қараша – Ұлттық валюта – Теңгенің туған күні болып жарияланды. Жыл сайын Қазақ Елі бұл күнді ерекше қуанышпен атап өтеді.

Осылайша 1993 жылдың қарашасында теңгенің айналысқа шығарылуы – еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолындағы, түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу жолындағы ең маңызды, ең қажетті тарихи қадам болды. Бұл күн Тәуелсіздігіміздің отыз жылдық тарихындағы ерекше, айшықты тарихи датаның бірі болып саналады.

САУАЛНАМА

Биыл төл теңгеміздің айналымға енгізілгеніне 28 жыл толып отыр. Елімізде 15 қараша Ұлттық валютамыздың туған күні және қаржыгерлер күні ретінде аталып өтеді. Теңге – Тәуелсіздіктің жемісі. Ел тарихындағы тағдырлы кезеңде дүниеге келген төл теңгеміз 30 жылға жуық уақыт ішінде Қазақстанның дербес қаржылық жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Ұлттық валютамыздың негізгі миссиясы да осы еді. Ал еліміздегі қазіргі қаржылық жағдай қандай?

Теңге – Тәуелсіздіктің жемісі



Хайролла ҒАБЖАЛИЛОВ,
теңге авторларының бірі:

– Қазақтың төл теңгесі әлемдегі ең мықты валюталардың бірі болғанына ешкімнің дауы жоқ. Еліміз ең әуелі әлемге өзінің теңгесімен танылды десек те артық емес. Тәуелсіздіктің айшықты нышаны болған теңгеміздің дүниеге келуіне үлес қосқаным үшін өзімді бақытты санаймын. Қара басымыздың қамын ғана ойлап кетпей, өз жұмысымызды кейінге ысырып қойып, ұлттық мүддеге жұмыс істедік. Кеңес Одағы құлап, экономика құлдырап, тоқырауға ұшыраған кезде төл теңгемізді шығарудың өзі ерлік болды. Бұл шешім халқымызға үлкен рухани серпіліс, күш-қуат берді. Сол кезде тұңғыш жарық көрген теңге мен бұл ақшаның айырмашылығы да, артықшылығы да жер мен көктей. Алғашқы теңге өз халқымыздың тарихымен, салт-санасымен астасқан еді. Сәт сайын ұрпақ жадына ұлт тарихын сіңіріп отырудың ең ұтқыр әдісі – күн сайын қолданыстағы ақшаға тарихи тұлғалардың суретін салу болды. Әл-Фараби, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Абай, Сүйінбай, Жамбыл, Шоқан секілді заңғар тұлғалардың қай жылы туып, қай жылы қайтыс болғанына дейінгі деректер күнделікті қолымызда жүретін. Ондағы философиялық мәнге ие ою-өрнектеріміздің өзі неге тұрады?! Түбі – сол теңгеге қайта оралуымыз қажет.



Раушан КӨПЖАСАР,
қаржыгер:

– Ел Тәуелсіздігінің үлкен жетістіктерінің бірі – теңге. Ұлттық валюта – теңгенің айналымға енуі егеменді еліміздің өзіндік нарықтық экономикасының қалыптасуына жол ашты. Ең алғаш қолымызға теңге тиген кездегі эмоциямыз, қуанышымыз әлі есімде. Өз валютамыздың пайда болуы халықтың Тәуелсіздікке деген сенімін күшейте түсті. Қандай болса да, әр елдің өз валютасы болғаны маңызды. Ұлттық валютамыз енгізілгеннен кейін еліміздің қаржылық жүйесі біртіндеп қалыптаса бастады, банктердің жұмысы жолға қойылды. Қазіргі таңда Қазақстандағы барша азаматтың дербес тіршілігі осы теңгеге байланысты болып отыр. Ұлттық валютамыз сонау 90-шы жылдардан бері талай қаржы дағдарысына төтеп беріп қана қоймай, жұртшылық тарапынан инвестициялық сенімге де ие болды. Теңгемен депозитке ақша жинаушылардың қатары жыл сайын арты. Ел экономикасы әлемдік экономикалық ахуалдың әсерінен құбылып тұратыны заңдылық. Дегенмен, төл теңгеміздің мәртебесі төмендемейді.



Маржан ТҰҢҒЫШБАЕВА,
есепші:

– Ең алдымен, теңге әлемдегі банкноттар арасында дизайны ерекше, әдемі валюта екенін мақтанышпен айта аламын. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында – 500, 1000, 2000, 5000, 10000 және 20000 теңгелік номиналдағы банкноттар, сонымен қатар, 1, 2, 5, 10, 20, 50, 100 және 200 теңгелік монеталар айналымда. Былтырдан бастап 1998–2003 жылғы банкноттар жарамсыз деп танылды. Болашақта Қазақстанның экономикасы заманға сай дамып, төл теңгеміз әлемдегі тұрақты валюталар қатарына қосылатынына сенемін. Таяуда әлемдік бәсекеге қабілеттілікті зерттейтін Швейцариядағы IMD Халықаралық даму менеджменті институты 2021 жылғы көрсеткіш бойынша экономикалық өсу жағынан бәсекеге қабілетті елдер тізімін жариялаған болатын. Зерттеуге әлемнің 64 елі қатысты. Осы тізімде Қазақстан 35-ші орында тұр. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда ілгері. Еліміз Португалия, Индонезия, Латвия, Испания, Словения, Үндістан, Ресей, Түркия секілді мемлекеттердің алдына шығып отыр. Осының өзі экономикамыздың болашағы жарқын екенін білдіреді деп ойлаймын.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.

«1993 жылы 12 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығы шықты. Ол Жарлықта «Қазақстан Республикасы аумағында 1993 жылы 15 қарашада сағат 08.00-ден Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілсін; 1993 жылғы 18 қарашада сағат 08.00-ден бастап теңге Қазақстан Республикасының заңды төлем құралына айналады», – деп көрсетілген.»

нестік республикалардан Қазақстанға қарай ағыла бастады. Сол кездің куәгерлерінің естеліктерінде тауармен қамтамасыз етілмеген ақшалардың елімізге келуі санмен емес, тоннамен есептеле- тіндігі туралы айтылады. Осындай келеңсіз жағдайлардың нәтижесінде еліміздегі онсыз да құнын жоғалтқан ескі рубль одан әрі қарай құнсызданып, инфляция қарқыны 3000 пайызға жақындайды.

Сондай-ақ, Ресейдің Орталық банкі Қазақстанға қазақы нышандармен көмкерілген рубльді шығарып беруді ұсынады. Сонымен қатар, Ресей жағы мынадай талаптар қояды: біріншіден, рубльді пайдалану үшін Қазақстан Ресейдің құрамына, яғни Татарстан, Башқұртстан

қан тұста, яғни 1992-1993 жылдары еліміздің ақша айналымы кеңістігінде тек КСРО-ның бұрынғы рубльдері уақытша болса да жалғыз төлем құралы ретінде айналыста қалды. Ал тәуелсіздік алған өзге республикалар өз валюталарын шығарып үлгеруіне байланысты олардағы жарамсыз рубльдің бәрі Қазақстанға әкелінді. Олардың келуіне шек қойылмады.

Қалыптасқан жағдай тез арада ұлттық валютаны өмірге енгізуді қажет етті. 1993 жылы қарашаның басында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ұлттық валюта – теңгені енгізу бойынша мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия ұлттық валютаны енгізудің тұжырымдамасын дайындап,

дау қажет болып жататынын жасыру жарамас. Бірақ біз мұндай отбасыларға қажетті көмекке зәру? Қоғам тарапынан қандай көмек алып жатыр? Қоғамда мүгедек балалардың құқығы қорғалып жатыр ма?

«Аяла» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-сі мүгедектігі бар 1,5 жас пен 18 жас аралығындағы балаларға, 18 жасан жоғары психо-неврологиялық ауытқулары бар адамдарға, және күндізгі жартылай стационар бөлімінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетумен айналысады. Оның ішінде 1,5–18 жас аралығындағы мүгедек балалары бар отбасыларға үй жағдайында қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері аптасына екі рет барып, әлеуметтік қызметтер: емханаға баруына, түрлі құжаттарын рәсімдеуге, қоғамдық орындарға ертіп баруға көмектеседі. Жеке мүмкіндіктеріне қарай қоғаммен етене араласуына, жеке тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтенуі-

не, қоғамға кіріктіруіне көмектесіп атсалысуда. Осы орайда айта кететін жайт, біздің Орталықтың қызметкерлері баласының мүгедектігімен екеуара қалып отырған анасына және олардың отбасына моральдық тұрғыдан қолдау көрсетіп отырғанын айтпағанымыз дұрыс болмас. Орталықтың арнайы мамандары әлеуметтік қызмет алушыларды қолдап, қолұшын созып, өмірге деген құлшыныстарын арттырудан шаршаған емес! Жалпақ жұртқа белгілі жайт, мүгедек баласы бар аналардың көпшілігі жалғызбасты болып келеді. Тағдыр тауқыметін жалғыз өзі көтеріп отырған осындай аналарға моральдық тұрғыдан көмек қаншалықты қажет екендігі айтпасақ та түсінікті.

Сол сияқты, мүгедек балаларға арналған «Инватакси» тек арбаға таңылған жарымжан-дарға ғана қызмет көрсетуге міндеттеледі. Онда да бір күнде бірнеше жерге баруы керек болса, соның тек біреуіне ғана апарып салады. Ал арбаға отыра алмайтын, бірақ тірек-қимыл

аппараты қызметтері бұзылған, дұрыс жүре алмайтын мүгедек балалар бұл қызмет түріне қол жеткізе алмайтыны қынжылтады.

Дәл сол сияқты, балаға мүгедектік берілгенімен, соның ішінде үй жағдайында әлеуметтік қызмет алуы туралы жеке оңалту бағдарламасы берілмейтін жағдайлар да жұмыс барысында анықталып жататынын қайтып жа-сырып жабамыз?

Осындайда онсыз да мүмкіндігі шектеліп, өмірдің қатал сынын арқаулап жүрген мүгедек балаларға дені сау қоғамнан көрсетілетін көмек, қолдау мардымсыз болмаса екен дейсің. Біз жүрегіміздің кеңдігін көрсете алсақ, олардың ауыр өмірін кішкене де болса жеңілдетуге септігіміз тиер ме еді?!



З.Р. ТАЛИПОВА,
1,5 жас пен 18 жас аралығындағы мүгедек балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлім-шесінің меңгерушісі.

Мүмкіндігі шектеулілердің мүмкіндігі көп болса...

Әрбір ата-ананың бір тілегі бар болса, ол «Жаратқан баламмен сынамааса екен» деген тілек шығар. Бірақ өмір болғаннан кейін түрлі жағдайлар кездесіп жатады. Бір періште о бас-тан «мүмкіндігі шектеулі» болып дүние есігін ашса, тағы бірінде мұндай ауыр жағдай жүре келе қалыптасады. Қалай дегенде де, бейкүнә балапандар мына жарық дүниеде еркін жер басып жүре алмай, жақынының көмегіне таны-лады. Оларда балалық шақ та жоқ. Бір денсау-лығының күйін күйттеп, тіршілік тек күресуден тұрады. Сол үшін де олар әрбір күнгі жарық сәуле үшін тырбанып, тырмысуға бар күшін салатын, нағыз күрескерлер саналады!

Ал тағдыр жазуымен басына осындай қия-мет ауыр өмір түскен ата-аналардың жағдайы-ның қандай қиын екенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны тек басына түскендер ғана жақсы біледі, сезінеді.

«Сырты – бүтін, іші – түтін» болып, өксік өзегін өртеген ата-ананың өзіне де кейде қол-



● АНЫҚ-ҚАНЫҒЫН БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ...

БАЛАЛАРДЫ ВАКЦИНАЛАУ – КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

Елімізде мектеп жасындағы балаларды вакциналау басталады. Осы орайда ата-аналар мен БАҚ өкілдерінің қояр сауалы көп

СҰРАҚ: Балаларды неліктен мектептерде вакциналамақшы? Онда қауіпсіздік шаралары қаншалықты қамтамасыз етілген?

ЖАУАП: Жасөспірімдерді вакцинациялау білім беру ұйымдарының егу пункттерінде жүргізіледі. Сондай-ақ, ата-аналардың қалауымен емханаларда да жеке тәртіппен жүргізуге мүмкіндік бар. Ұйымдарда вакциналаудың мынадай артықшылықтары бар. Яғни: салауатты орта (КВИ-ді қоса алғанда, респираторлық инфекция симптомдары бар ықтимал науқастармен қарым-қатынасты болдырмау); оқушылардың екпе алу кезіндегі психоэмоционалдық қабылдауын өзіне жайлы таныс орта жеңілдетеді; аш қарынға вакцина жүргізбеу үшін жасөспірімдерді алдын ала тамақтандыру мүмкіндігі; психологтың болуын және мектеп оқушылары үшін таныс ортада онымен қарым-қатынасты қамтамасыз ету мүмкіндігі; оқу орындарының педагогтары мен медицина қызметкерлері өз мектептерінің балаларын жақсы біледі, олардың болуы жасөспірімдердің психоэмоционалдық жағдайына жақсы әсер етеді.

СҰРАҚ: Ата-ана баласына екпе салу процесіне қатыса ала ма? Келісімнің бар-жоғы қалай тексеріледі?

ЖАУАП: КВИ-ге қарсы егуді қоса алғанда, кез келген профилактикалық егу ата-ананың вакциналауға берген ақпараттандырылған келісімімен ғана жүргізіледі. Вакциналауға жататын жасөспірімдердің тізімін жоспарлау және жасау процесінде ақпараттандырылған келісім алдын ала жиналады. Осыған байланысты, вакциналауға ата-анасы қол қойған келісімі бар балалар ғана алдын ала жасалған тізім бойынша шақырылады. Емханада да, мектепте де ата-аналар балаларын вакциналау кезіне қатыса алады.

СҰРАҚ: «Пфайзер» вакцинасы қаншалықты қауіпсіз? Оның сертификаты, жарияланымдары бар ма?

ЖАУАП: «Пфайзер» (АҚШ) компаниясы шығарған «Комирнати» вакцинасы Қазақстан Республикасында уақытша мемлекеттік тіркелген. Кепілдік берілген сападағы препараттармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалар үшін өндірісі ДДҰ-ның біліктілігін алған вакциналар сатып алынады, яғни елімізде осы ұйымның сапа мен тиімділікке қойылатын барлық қажетті талаптарына жауап беретін вакциналар пайдаланылады. «Комирнати» вакцинасы ДДҰ-ның төтенше жағдайларда қолдану үшін ұсынылған тізіміне енгізілген. ДДҰ-ның аралық деректеріне сәйкес, 12–15 жас аралығындағы жасөспірімдердің қатысуымен клиникалық зерттеулердің үшінші кезеңі осы жас тобы үшін осы вакцинаның жоғары тиімділігін және қауіпсіздігін көрсетті, бұл алдыңғы жас көрсеткіштерінің 16 жастан бастап және одан үлкен, 12 жасқа дейін және одан үлкен жасқа кеңеюіне алып келді.

СҰРАҚ: Балада қандай асқынулар болуы мүмкін?

ЖАУАП: Өндіруші ұсынған ақпаратқа сәйкес, кейбір егілушілерде «Комирнати» вакцинасы мынадай күтілетін реакцияларды тудыруы мүмкін: жиі (10%-ға дейін): инъекция орнының ауыруы, ісінуі, шаршағыштық, бастың және бұлшықеттің ауыруы, буындардың ауыруы, қалтырау, диарея, қызба, инъекция орнының қызаруы, жүрек айну, құсу; сирек (1%-ға дейін): лимфа түйіндерінің ұлғаюы, димкастік, қолдың ауыруы, ұйқысыздық, инъекция орнының қышуы; сирек (0,1%-ға дейін): бөртпе, есекжем сияқты аллергиялық реакциялар.

СҰРАҚ: Екпеден кейін баланы қалай бақылайды?

ЖАУАП: КВИ-ге қарсы «Комирнати» («Пфайзер» компаниясы) вакцинасын енгізгеннен кейін медициналық бақылау алғашқы 30 минутта жүргізіледі. Бұл ретте медициналық бақылау жүргізуге арналған үй-жайда физикалық қашықтықты сақтау ескерілетін болады. Кейіннен медициналық бақылау келесі 3 күн бойы егілген жасөспірімдердің ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне қоңырау шалу арқылы жүргізіледі. Бұл ретте медициналық бақылау мектепте де, тіркелген жері бойынша медициналық ұйым тарапынан да жүргізіледі.

СҰРАҚ: Егер баланың иммунитеті жеткілікті болса, вакциналау керек пе?

ЖАУАП: КВИ-ге қарсы вакцина егілген адамға коронавирустық инфекциядан қорғайтын арнайы иммунитет береді. Өкінішке орай, табиғи арнайы емес иммунитет әрдайым инфекцияларға қарсы тұра алмайды, нәтижесінде егілмеген адамдар ауру жұқтырған кезде сырқаттанудың және асқынулардың пайда болу қаупі жоғары болады.



Инфекциядан кейінгі және вакциналаудан кейінгі асқынулардың жиілігі салыстыруға келмейді. Мәселен, коронавирустық инфекциямен ауырған кезде шамамен 15% жағдайда ауру оттегі терапиясын қолдану қажеттілігімен өтеді, тағы 5%-ында пациенттердің жағдайы критикалық болып табылады. Ықтималдығы жоғары аурудың ауыр түрлері егде жастағы адамдарда және демікпемен, диабетпен және жүрек ауруларымен ауыратын пациенттерде дамуы мүмкін. КВИ-ге қарсы иммундаудан кейін ауыр қолайсыз көріністердің тіркелуі іс жүзінде нөлдік деңгейде. Басқа елдерде тіркеліп жатқан вакциналардың енгізілуіне күтілетін реакциялар ауыр реакцияларға жатпайды, жиілігі жол берілетін көрсеткіштер шектерінде.

СҰРАҚ: Вакциналарда қоспалар, консерванттар бар ма?

ЖАУАП: «Комирнати» вакцинасына арналған нұсқаулыққа сәйкес 1 дозада (0,3 мл) мРНҚ негізіндегі (липидті нанобөлшектерге инкапсуланған) COVID-19-ға қарсы 30 мкг бар. Сонымен қатар, қосымша заттар (кремдерде, сусабындарда кездесетін полиэтиленгликоль, бірақ едәуір үлкен көлемде, сондай-ақ сахароза, натрий хлориді, калий хлориді және басқалары) бар. Вакцинаның құрамында бір дозаға кемінде 1 ммоль калий (39 мг) және натрий (23 мг) бар, яғни олардың құрамы шамалы ғана. Вакциналарда организмде бедеулік немесе мутациялық процестер сияқты ұзақ мерзімді жағымсыз салдарларға әкелетін компоненттер жоқ. Вакциналардағы кез келген заттар халықаралық нормативтерге сәйкес организм үшін қауіпсіз концентрацияларда болады.

СҰРАҚ: Мен балаға «Пфайзер» емес, басқасын салдыра алам ба?

ЖАУАП: Бүгінгі таңда біздің елімізде 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдерді вакциналау ДДҰ мақұлдаған және 12 жастан асқан жасөспірімдер мен жүкті әйелдерді вакциналауға ұсынылған жалғыз вакцина болып табылатын «Комирнати» вакцинасымен («Пфайзер» компаниясы) жүзеге асырылады. Республикада көрсетілген контингенттерге вакцинация жүргізу 12 жастан асқан балаларды вакциналау ұсынылған басқа елдердің (АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Израиль және Бельгия, Үндістан, БАӘ) тәжірибесіне негізделген.

СҰРАҚ: Қандай да бір шағымым болса, қайда жүгінуге болады?

ЖАУАП: КВИ-ге қарсы вакциналау жүргізу мәселелеріне қатысты шағыммен вакциналау жүргізген медициналық ұйымға немесе тиісті аумақтың денсаулық сақтау басқармасына жүгінуге болады. Бұдан басқа кез келген вакцинаның нұсқаулығында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы жөніндегі және дәрілік заттардың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымдардың мекенжайы көрсетілген, оларға қолайсыз реакциялар туралы хабарлауға болады.

СҰРАҚ: Бірқатар ел балаларды вакциналаудан бас тартты. Ал біз неге жасаймыз?

ЖАУАП: ДДҰ 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдерді «Комирнати» вакцинасымен вакциналауды ұсынады. Бүгінгі таңда Израиль, Франция, Италия, Испания, Германия, Бразилия, Қытай, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ, Аргентина және т.б. сияқты көптеген дамыған елдердің билігі осы вакцинамен балаларды КВИ-ге қарсы вакциналау науқанын бастады.

СҰРАҚ: Екпе алдында балалар медициналық тексеруден өте ме?

ЖАУАП: Профилактикалық егуді жүргізу алдында жалпы практика дәрігері немесе педиатр, дәрігер болмаған кезде фельдшер егілетін адамды жан-жақты қарап, тексеру жүргізеді. Иммундауға қарсы көрсетілімдер болмаған кезде егілетін адамның медициналық құжатында егу жүргізуге рұқсатты рәсімдейді, егілетін адамға немесе оның ата-анасына немесе заңды өкіліне профилактикалық егу, иммундаудан кейінгі ықтимал реакциялар мен қолайсыз көріністер, екпеден бас тарту салдарлары туралы толық және объективті ақпарат береді.

Профилактикалық егулер жүргізу алдында егілетін адамды медициналық тексеруді олар денсаулық жағдайының нашарлауына шағымданған және (немесе) аурулардың объективті белгілері болған жағдайда жүргізіледі.

Егулер азаматтарға, кәмелетке толмағандардың және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне егулер жүргізуге ақпараттандырылған келісім алынғаннан кейін жүргізіледі.

Профилактикалық егулерді жүргізуге ерікті түрде ақпараттандырылған келісім немесе бас тарту жазбаша түрде ресімделеді.

СҰРАҚ: Балаларға қай жастан бастап екпе салынады?

ЖАУАП: Вакциналау жасөспірімдердің үлкен жас санатынан, яғни 16-17 жастағы жасөспірімдерден басталады. Кейіннен басқа жас тобындағы, яғни 15, 14, 13 және 12 жастағы жасөспірімдер тартылатын болады.

СҰРАҚ: Егер бала қандай да бір медициналық есепте тұрса, оған егіле ме?

ЖАУАП: Диспансерлік есепте тұрған жасөспірімдер вакциналауға емдеуші дәрігердің кеңесі мен рұқсатымен ғана жіберіледі. Жасөспірімде созылмалы аурулар болған кезде, ремиссия кезеңінде вакциналау жүргізіледі.

Дайындаған
Нұржамал ӘЛШЕВА.



БРИФИНГ

РЕВАКЦИНА

бәріміздің денсаулығымыз үшін керек

Соңы. Басы 1-бетте.

Ұжымдық иммунитетті 80%-ға жеткізу қажет

Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшиннің айтуынша, қалада коронавирус әлі таралуда, ал бұл вакцина алмаған азаматтар үшін аса қауіпті. Сондықтан спикер ересектерді одан әрі вакциналау және 12 жастан асқан жасөспірімдерге, жүкті және бала емізетін әйелдерге екпе салу арқылы ұжымдық иммунитетті 80%-ға дейін жеткізу қажеттігін атап өтті.

– Ұжымдық иммунитет – инфекцияны тоқтатудың және халықтың бойында дертке қарсы қабілетті қалыптастырудың бірден-бір жолы. Вакциналау және ревакциналау инфекцияның алдын алады. Әзірге біз имундық қабаттың 56%-на жеттік. Бұл ретте тәулік сайын халықтың 0,1%-ы ғана вакциналанады. Ұжымдық иммунитеттің осындай қарқынымен кем дегенде 75%-ға біз келесі жылдың мамыр айында ғана қол жеткіземіз. Тағы да айта кетейін, вакциналауды кешіктіру өте қауіпті, – деді Ж.Бекшин.

Алматыда коронавирусқа қарсы ревакциналау 22 қарашадан басталады. «Біздің бақылауымыз бойынша, вакциналанған антиденелердің деңгейі уақыт өте келе, 6 айдан 9 айға дейін төмендейді, яғни аурудың ықтималдығы артады. Көптеген ел қазірдің өзінде ревакциналау науқанын белсенді жүргізуде. Бустерлік вакцинаны қарт адамдарға қолдану өте маңызды, өйткені Алматыда 60 жастан асқан адамдар арасында індет жұқтыру көрсеткішінің 5%-ға өскені байқалады. Бұл ретте мектеп оқушыларын вакциналау да өте маңызды», – деді спикер.

Алматылық эпидемиологтардың мәліметінше, биыл қалада вакцинаның екі компонентімен егілгеннен кейін 2680 науқас тіркелген, оның ішінде 360 адам қайта ауырған. Сауда объектілерінде, қоғамдық көліктерде, базарларда жұқтыру қаупі әлі де жоғары. Бұл анти-рейтингке жұмыста жұқтыру фактілері де кірген, яғни инфекцияның 9%-дан астамы жұмыс орнында жұққан.

Алматының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин брифинг барысында қалада ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың маусымдық өсуі жыл сайын байқалатынын атап өтті. Бірақ өткен аптада ғана Алматы дәрігерлері 10 316 жағдайды тіркеді.

– Өткен жылмен салыстырғанда қазір ЖРВИ-мен ауыратындар үш есе көп. Сонымен қатар, бұл көрсеткіш әр апта сайын өсіп келеді. Науқастардың 62%-ы – балалар. Медициналық мекемелерге барлығы 526 науқас жатқызылды, оның ішінде 17 жүкті әйел және бір жасқа дейінгі 165 бала бар, – деді Ж.Бекшин.

Спикер коронавирустың ЖРВИ ретінде көрінетінін әрі оның ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін екенін еске салды.

– Тұмауға қарсы вакцинаны бюджет есебінен жүргізуге болады. Тегін екпелерді медицина қызметкерлері, медициналық бақылауға жататын балалар, жиі ауыратын 6 айдан асқан балалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сәбилер үйлерінің тәрбиеленушілері, медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызмет алушылары, жүктіліктің 2-ші немесе 3-ші триместріндегі әйелдер, жүрек-қантамыр жүйесі мен тыныс алу органдарының созылмалы аурулары бар адамдар, сондай-ақ эпидемиологиялық көрсеткіштері бар адамдар ала алады, – деп атап өтті спикер.



Жасөспірімдерді вакциналау алгоритмі түсіндіріледі

Брифинг барысында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағали ковидтік стационарларда бүгінгі күні 792 пациент ем қабылдап жатқанын, олардың 20-сы бала екенін атап өтті.

Үйде емделіп жатқан 1418 пациент дәрігерлердің бақылауында, оларға күн сайын Телемедицина орталығынан қоңырау шалынады әрі мобильді бригадалар барады.

Сондай-ақ, Л.Мырзағали мектептердің егу пункттерінде жасөспірімдерді вакциналау келесі аптада басталатынын хабарлады.

– Біз жасөспірімдерге емханаларда екпе сала бастадық. 12–17 жастағы 1619 баланың екпе алғысы келді. Егер жасөспірім ата-анасының келісімінсіз вакцина алуға келсе, медицина қызметкерлері олармен хабарласып, келісін сұрайды. Тізімдер бар, педагогтар бізге көмектеседі, – деді Л.Мырзағали.

Дәрігерлер өз тарапынан жасөспірімдерді вакциналау алгоритмін түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Мәселен, ата-аналар, егер қаласа, балаларын вакциналау кезінде емханада да, мектепте де бірге бола алады.

Бүгінде 12–17 жас аралығындағы қазақстандық жасөспірімдерге ДДҰ мақұлдаған және 12 жастан асқан балалар мен жүкті әйелдерге салуға рұқсат етілген («Комирнати» компаниясы) Pfizer вакцинасы егілетін болады. Айта кетерлігі, вакциналанған барлық жасөспірім, ересектер сияқты, вакциналау паспортын алады.

Спикер қалада коронавирус жұқтырғандар санының айтарлықтай төмендегенін, алайда жағдайды тұрақтандыру және жаңа инфекциялардың алдын алу үшін барлық науқастар мен вакцина салдырғандарға ревакциналау жүргізу ұсынылатынын атап өтті. Бұл процедура тегін және қолжетімді.

Бүгінде вакциналау басталғаннан бері шаһарда І компонентпен 1 006 564 адам, ІІ компонентпен 946 920 адам егілді. Егілген тұрғындар арасында 60 жастан асқан жандар – 121 498.

Еске сала кетсек, қалада медициналық ұйымдарда, мәдениет және спорт нысандарында, базарлар мен СОСО-да 132 вакциналау пункті бар.

Індетті жеңу жолы – қайтара егу

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова да ревакциналаудың уақыт талабы екендігіне мән берді.

«Ревакциналау дегеніміз – бұл бұрын егілгендердің қайта егілу процесі. Мұндай вакциналау алдыңғы екпеден соң немесе адам ауырғаннан кейін пайда болған ағзаның имундық реакциясын қолдауға және күшейтуге мүмкіндік береді. Ревакциналау кезінде ұжымдық иммунитет дербес қалыптаспайды. Аурудың төмендеуі үшін вакциналану және ревакциналанудан соң 75–80% аралығында ұжымдық иммунитет қажет», – деді спикер.

Эпидемиолог қазіргі эпидемиалдың тұрақтануына және індеттің өсу қарқынының төмендеуіне қарамастан, инфекция әлі толықтай ауыздықталмағанын жеткізді. Егер біз екпе алып, содан соң ревакцина алсақ, онда инфекцияны жеңуге болады деді Ә.Қалықова.

Спикер жасөспірімдердің қалай вакцина алатыны туралы да айта кетті. «Бүгінде ата-аналары балаларын вакциналауға келісім берген жасөспірімдердің тізімі жасалды. Күн сайын бұл көрсеткіш тұрақты өсуде. Оқу орнында да, медициналық ұйымдарда да екпе алуға болады. Әрбір мектептің медициналық кабинеті бар, сондықтан мектептерде вакциналау мүмкіндігі үлкен. Оны емханалардан көшпелі бригадалардың дәрігерлері жүргізетін болады», – деп түсіндірді Ә.Қалықова.

Ана да, бала да бақылауда болады

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Светлана Сұлтанғазиева баспасөз конференциясында қалада жасөспірімдердің, жүкті және бала емізетін әйелдердің қалай вакциналатыны туралы түсіндірді.

С.Сұлтанғазиева атап өткендей, COVID-19 вакциналарының жаңа штамдарға қарсы қорғаныс әсері төмендеуі мүмкін, сондықтан ревакциналау ұсынылады. Спикер бүгінде Алматыда бар QazVac, Vero Cell, «Спутник V» вакциналарының барлығы «дельта» нұсқасына қарсы жақсы қорғаныс және профилактикалық қасиеттерге ие екенін атап өтті.

ҚДБ өкілінің мәліметінше, бүгінде Алматыда 12 жастан 18 жасқа дейінгі 170 мыңнан астам жасөспірім бар. «Ата-аналардың 20%-ға жуығы келісті, ал бұл 30 мыңнан астам бала. Вакцина 20 қалалық емханаға жіберіледі, содан кейін дәрігерлер мектептерден мәліметтерді жинайды. Вакцинадан бұрын міндетті тексеруден өтеді, ал балаға басқа кабинетте екпе салғаннан кейін жарты сағат ішінде екінші дәрігер бақылайтын болады», – деді С.Сұлтанғазиева.

Дәрігердің сөзінше, вакцина мектептерде сақталмайды, ол тізімге сәйкес жеткізіледі. С.Сұлтанғазиева қазірдің өзінде елде 20-дан астам жүкті әйелді вакциналау басталғанын айтты. «Ең алдымен, көптеген зерттеу жүргізілген. Коронавирустың фонында асқынулар болған әйелдер болды. Біз жүкті әйелдерді 16-дан 37 аптаға дейін екі компоненттен вакциналауды ұсынамыз. Сондай-ақ, әйелдерге лактация кезінде босанғаннан кейін 42 күн өткен соң вакциналау ұсынылады», – деді спикер.

Pfizer препаратын салдырғысы келетіндердің барлығы тұрғылықты жері бойынша емханаларға барып, тіркелуі керек. Вакцинаның қосымша дозалары болған кезде олар вакциналанады немесе қайта егіледі.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

МАМАН ПІКІРІ

Алмаз ШАРМАН,
Профилактикалық
медицина академиясының
президенті, профессор:

Екпе салу науқаны жыл сайын өтуі мүмкін



Коронавирустық инфекцияның, тұмаудың және ЖРВИ-дің симптомдары ұқсас. Бірақ ковидтің қосымша симптомы – дәм, иіс сезу жоғалуы және енгірудің пайда болуы мүмкін. Коронавирустық инфекцияның ПТР тестілеу арқылы анықталғаны маңызды. Вирустың белгілеріне талдау жасап, анықталғанға дейін науқастың оқшауланғаны жөн. Тыныс алу және жоғары температура кезінде ауруханаға жату керек. КВИ ауыр түрде өтетін қарт адамдардың жағдайын жиі бақылау өте маңызды. Мен коронавирусқа да, тұмауға да қарсы егілдім. Бұл екі түрлі инфекция және олардың өзара сәйкестігі болуы мүмкін. Қос инфекцияның салдары әрқашан ауыр болады. Израиль ғалымдары коронавирустық инфекцияға имундық қарсылық вакцинаның алғашқы екі дозасынан соң 6 айдан кейін төмендейтінін дәлелдеді. Сондықтан ревакциналау ұсынылады. Қайтара егудің

қаншалықты жиі қажет болатыны әлі нақты белгісіз. Екпе салу науқаны жыл сайын өтуі мүмкін, мұның бәрі пандемияның қаншаға созылатынына байланысты.

Біз балалар қоғамның ең мобильді бөлігі екенін, олардың ересектермен де, құрдастарымен де байланыс жасайтынын, мектепке баратынын, сондықтан олардың инфекцияның тасымалдаушы екенін түсінуге тиіспіз. Сондықтан көптеген елдерде балаларды вакциналау туралы шешім қабылданды. 2000-нан астам балаға жүргізілген клиникалық зерттеулер Pfizer вакцинасының қауіпсіз және тиімді екенін көрсетті. Ешбір екпе иммунитетті мәңгілікке қалыптастырмайды, кейбір инфекциялардан әрбір бес, он жыл сайын, ал тұмау сияқтылардан жыл сайын егілу керек. Ревакцинация деген осы. Кейде «үдеткіш вакцина» термині қолданылады, яғни тағы бір қосымша. Уақыт өте келе вакцинаның әсері төмендейді, оның үстіне, COVID-19-дың жаңа штамдары пайда болады. Қайта егу жаңа коронавирус инфекциясының барлық штамдарынан қорғау үшін антиденелердің жеткілікті деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Көптеген ғалымдар кросс-ревакцинацияны, яғни үшінші вакцинаны басқа препаратпен алуды ұсынады, бірақ бұл принципті емес. Алдында салдырған екпемен қайта вакциналануға болатындығын ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен, мен өзім түрлі вакциналарды араластыру тиімді болады деп санаймын. Араластыру кезінде қандай да бір қарсы көрсетілімдер болған жоқ.

ЖАҢА ОРТАЛЫҚ

Жаңа нысан бой көтереді



Ақтолық
Тұрлығазы

«Керуен» компаниясының тобы Алматыда жаңа перинаталды орталықтың құрылысын бастады.

Жобаны DAMU қоры қолдады және «Нұрбанк» АҚ қаржыландырған. Орталық ең заманауи құрылғылармен жабдықталады. «Керуен Медикус» клиникасының босандыру және жүктілікті жүргізу бойынша медициналық қызмет көрсету мүмкіндігін едәуір ұлғайтады. Сондай-ақ, орталықта неміс және корейлік серіктес клиникаларымен ынтымақтаса отырып, жергілікті мамандар озық технологияларды меңгереді және білімдерін жетілдіреді. Мұндай серіктестік дәрігерлерге жетекші шетелдік клиникаларда осы саладағы үздік мамандардан тәжірибеден өтуге мүмкіндік береді. Жаңа орталықта 150-ден астам медицина қызметкері жұмыс істейтін болады.





РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Тәуелсіздік алғалы бергі
сындарлы кезеңде
құқықтық жүйемізде
қыруар шаруа жүзеге асты.
Құқық – мемлекеттің
қуатты құралы, басқаша
айтқанда, қоғамның жан-
жақты дамуын заңдық
тұрғыда қамтамасыз ету.**



Серік
ЖУМАБАЕВ



ҚАЗАҚСТАН – ЗАЙЫРЛЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Бұл ретте құқықтық мемлекетті қалыптастыру – ұзаққа созылатын күрделі үрдіс. Ол саяси құрылымды қайта құруды, экономиканың, әлеуметтік-мәдени, рухани өмірдің жаңа салада дамуын, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті мейлінше арттыруды, құқыққа, құқықтық заңдарға құрметпен қарауды көздейді. Мұндай мемлекетте полицейлер жазалаушы мекеме ғана емес, адамның құқығы мен бостандығын, ар-намысын және абыройын қорғайтын тәртіп сақшысы болады.

Құқықтық мемлекет құруда біздің алған бағыт-бағдарымыз, беталысымыз дұрыс көрінеді. Өйткені, біз азаматтық құқық пен қылмыстық құқық бойынша базалық институттар құрдық. Әкімшілік құқық та жетілдірілу үстінде. Тәжірибеге алқа билерін енгізуіміз де – ілгерілеуіміздің белгісі. Нарықтық қатынастар қалай

белсенді дамып келе жатса, құқықтық жүйеміз де одан қалысар емес.

Кез келген тұғырлы ел үшін оның Конституциясы – демократиялық дамуының негізі. Біздің де бас құжатымыз саналатын Ата Заңымыздың тарих қойнауына көз жүгіртсек, қайнар көзі, түп-тамыры сонау «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», Өз Тәукенің «Жеті жарғысынан», былайша айтқанда, үш «Дала конституциясынан» бастау алады.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылы жарық көрді. Бір айта кетерлігі, бұл қабылданған Ата Заңымыз кеңестік дәуір қағидаларының шеңберінде қалып қойып, Қазақстанның демократиялық институттарының жан-жақты дамуына толықтай жол аша алмады. Сол себепті де, дербес елдің өз ерекшеліктеріне

тән, заман талабына сай жаңа Ата Заңға өзгерістер енгізуге тура келді.

Адамзат дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің алға басуы және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында оның ұлтының қауіпсіздігі мен мемлекеттілігінің сақталуына куә. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет. Егер біз өз мемлекеттілігімізден айырылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жерлеріміз бен ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ.

Ата Заңымызда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екендігі айрықша атап көрсетілген. Осы тұрғыда айтсақ та, яғни еліміздегі адам құқығын қорғау мәселесін сөз етсек, Қазақстанда «2009–2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары» өмірге жолдама алды. БҰҰ-ның Қазақстандағы Даму бағдарламасының

қатысуымен әзірленген бұл жоспар – көптеген елдерде баламасы жоқ құжат. Тағы да айрықша атап өтуге лайық игі істер деп «Азаматтық және саяси құқықтар туралы «халықаралық пактіге қол қойғанымызды, сондай-ақ «Бала құқықтары туралы» конвенцияны қабылдағанымызды да атап өтуге әбден болады.

Құқықтық жүйе – өте үлкен ұғым. Ол жайында айта берсе, сұранып тұрған ой да, сөз де көп. Ал оған мүмкіндік шектеулі. Қысқа қайырсақ, шын мәнісінде, құқықтық мемлекет атануға кімнің де болса мүмкіндігі бар, ол үшін, ең алдымен, құқықтық сананы жетілдіру керек. Былайша айтқанда, құқықтық мемлекет құруға қоғамның өзі мүдделі болуы тиіс. Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық саясатында жасалып жатқан барлық іс-шаралар елімізді ізгілендіруге негізделген.

Прокуратура – тыныштық пен тұрақтылық қорғаны

1991 жылғы 6 желтоқсан – Қазақстан прокуратурасы үшін тарихи күн. Осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысымен алғашқы рет прокуратура органдарының тәуелсіз бірыңғай жүйесі құрылды.

Бұдан кейін «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заң прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі рөлін анықтаған маңызды құқықтық акт болды. Осы заң бойынша прокуратура заңдардың орындалуын жоғары қадағалау органы болып анықталды. 1994 жылғы мемлекеттік бағдарлама прокуратура органдарын реформалаудың негізгі принциптерін белгіледі, олар кейін 1995 жылғы Конституцияда бекітілді.

Конституцияның 83-бабына сәйкес, прокуратура заңнаманың дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын, сотта мемлекет мүддесін білдіруді, сондай-ақ қылмыстық қуғындауды жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың елде заңдылық пен құқықтық тәртіпті қолдау жөніндегі әрекеттерін біріктіре отырып, Бас прокуратура үйлестіруші функцияны да атқарады. Бүгінгі күні құқықтық тәртіп органдарының қалыпты жұмысын қамтамасыз етуде құқық қорғау органдары Үйлестіру кеңесінің рөлі айтарлықтай артты, заңнамалық тұрғыдан бекітілді, ал өзара іс-қимыл барлық уәкілетті құрылымдардың өзара түсінушілігі

мен жұмыста барынша тиімділікке қол жеткізу ниеті негізінде құрылады. Осы жұмыстың барысында құқық қорғау органдарының жоспарлы және қарқынды өзара іс-қимылына, құқық қорғау жүйесі алдында тұрған қазіргі замандағы міндеттерге сәйкес, олардың ынтымақтастығының әдістері мен нысандарын жетілдіруге бағытталған шаралар әзірленуде.

Әрине, әлеуметтік вектор – қадағалаушы қызметтің ең маңызды бағыттарының бірі. Прокурорлар жұмысының нәтижелілігін әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша өтініштер санының өсуінде, сондай-ақ заңсыз құқықтық актілердің күшін жоюда, келтірілген зиянды өтеуде, құқықтық қатынастардың түрлі субъектілерінің заңды құқықтары мен мүдделерін жан-жақты және толық қорғауда көрінетін оларды қарау нәтижелері көрсетеді.

Басқаша айтқанда, осы 30 жыл ішінде прокурорлар неше 100 мыңдаған адамның құқын қорғап, азаматтар тағдырына қорған болды. Прокурорлар өзінің назарын жұмыстан босату және жұмыс орындарын қысқарту кезінде адамдардың құқықтарын қорғауға, жалақыны уақытында және толық төлеуге ерекше аударып келді, бұл бағыттағы әрекетін одан әрі жалғастыра береді.

Прокуратура қызметінің негізгі мәні – заң үстемдігін, әсіресе, азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету болса, прокурорлар Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде осы міндетін абыроймен жүзеге асырып келеді.

Сот жүйесі – заң үстемдігінің кепілі

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі тұрады. Себебі, елдегі бар азаматтар заң алдында тең болғандықтан оларға қатысты заңбұзушылық жағдайы байқалғанда істің ақ-қарасын анықтап, айыптыны заң бойындыратын да сол – мемлекеттік сот органы. Сот – мемлекеттік биліктің үшінші тармағы. Осындай құзыреті бар соттың демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудағы беталысымыздағы орны бөлек. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге сот билігінің қалыптасуына бағыт-бағдар сілтейтін реформалар қабылдауға тура келді.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Жарлығына сәйкес судьяларды сайлауда түбегейлі өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ, жергілікті соттардың судьяларын – Президент, ал Жоғарғы соттың судьяларын Парламент Сенаты тағайындайды. Бұған айрықша тоқталып отырғандағы себебіміз: бұл сот жүйесіндегі ең елеулі де маңызды қадам болды. ҚР Президентінің «Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту шаралары туралы» Жарлығы жарық көріп, сот жүйесінің мазмұны мен материалдық жағынан да тәуелсіз болуын қамтамасыз етті. Ал өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Заңы тек судьялар үшін ғана емес, Қазақстан үшін айтулы оқиға болды. Сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесінің негізі, міне, осы заң.

Ескерусіз қалдыруға болмайтын тағы бір жайт – «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы. Аудандық соттың – бірінші сатыдағы сот, облыстық соттың – апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот, ал Жоғарғы соттың тікелей қадағалау сатысының соты етіп, олардың құзыретінің нақты айқындалуы – сөз болып отырған заңның жемісі. Міне, біз ҚР сотының Тәуелсіздік туы желбіреген 30 жылдың бедерінде қандай сындарлы сәттен өткендігін атап өткі. Жалпы, сот саласында тарихи оқиғалар көп болды. Өлім жазасын қолдануға мораторий жарияланғаны белгілі. Бұл – құқықтық мемлекет құруды көксеген елдің таңдауы, құқықтық саясатты ізгілендірудің алғашқы шаралары. 2007 жылдан бастап алқа билері жұмыс істей бастады. Бұл деген халықтың сот әділдігіне деген күдігін сейіліп, сенімін арттыруға ықпал ету деп айтуға болады. Оның үстіне, алқа билер институты – сот өндірісі кезіндегі ашықтық пен жариялылықтың және демократияның нышаны. Тағы бір айта кетерлігі, елде қазір көпшілік қолдап отырған ізгілендіру саясаты басталып кетті. Бұл да – құптарлық шара.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев халыққа Жолдауында құқық қорғау және сот жүйесінде түбегейлі реформа жасау керектігін баса айтты. Шыны керек, бұл жұртшылық тарапынан қолдауға ие болып отыр. Алдағы уақытта сот жүйесі заман талабына сай жетілдіріліп, халықтың аталмыш органға деген сенімін арттыра беретін болады.

Полиция қызметі – халық сенімінің айнасы

Қазақстан егемендігін жария еткен 30 жыл ішінде өркеніетті, құқықтық-демократиялық мемлекет құру жолында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Әсіресе, еліміздің құқықтық саласына тың өзгерістер әкелді. Осы уақытқа дейін жүзеге асырылған реформа не берді?

Атап айтсақ, медициналық айықтырғыштар Денсаулық сақтау органдарына, Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оналту орталықтары білім жүйесіне берілді. Аталған мекемелер кеңестік милиция жүйесінен беріліп, полицейлік мекемелер ретінде өздерін ақтай алмады. Жол полициясының көлік құралдарын техникалық байқаудан өткізу мәселесі де көп дау тудырған болатын. Бұл қызмет те қазір бәсекелестік ортаға берілді.

Ішкі істер органдарының көші-қон саласындағы қызметін кеңейтуге байланысты жұмыста бірталай өзгерістер енгізіліп, Көші-қон полициясы комитеті

құрылды. Жүйені оңтайландырудың арқасында заңсыз көші-қонға қарсы күрес, оралмандар мен босқындарға қатысты мәселелермен айналысу, ағымдағы жылдан бастап Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру мен тіркеу қызметі және Көші-қон саласындағы басқа да қызметтер бір ведомствоның, яғни көші-қон полициясының құзыретіне кірді. Онымен қоса, әділет органдарында болған қылмыстық-атқару жүйесі ІІМ-не берілді. Соңғы жылдары түзету мекемелерінде жағдай күрделі болған. Сонымен қатар, ІІМ Қылмыстық атқару жүйесін ізгілендіру, сотталғандардың құқығын сақтау бағытындағы жұмыстар жалғасын табауда.

Соңғы жылдары Ішкі істер органдарын қаржыландыру артып отыр. Бұл техникалық тұрғыдан қайта жарактандыруға мүмкіндік берді. Облыс орталықтарында аса криминогендік аудандарды бейнебақылауға алуға және

қылмыстарға, оқиғаларға жылдам ден қоюға мүмкіндік беретін жедел басқару орталықтары ашылды. Ірі қалалардың автомобильдік жолдарында жол жүру ережесін бұзатындарды автоматты түрде белгілейтін камералар орнатылды. Барлық жерлерде полицияның стационарлық бекеттері құрылды. Елімізде өткізіліп жатқан құқықтық реформаның негізгі бағыты – құқықбұзушылықтың алдын алудың тиімділігін арттыру.

Есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейтуге ерекше назар бөлінуде. Реформа шеңберіндегі есірткі қылмыстарын тергеу полиция құзырына берілді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Ішкі істер органдарының жұмысын оңтайландырып, полицияның жазалаушы емес, қиын жағдайда көмек көрсетуші орган ретінде танылу керектігін баса айтып отыр. Енді бұл сенімнің қаншалықты ақталатынын уақыт анықтайды.



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

МАҚСАТТЫ АЙҚЫНДАЙ БІЛГЕН ЖӨН

Бүгінде бір айлығын екіншісіне жеткізе алмай, қиналып жүретіндер аз емес. Сарапшылардың пікірінше, халықтың 90%-ы өзінің жеке қаржысына көңіл бөлмейді. Мұның басты себебін іздестіре келе, көпшілігіміздің отбасылық бюджетті дұрыс жүргізе алмайтынымызды білдік. Осы ретте жас та болса қаржылық сауаттылықты насихаттап жүрген есепші-маман Нұрсұлтан Нұрмағанбетұлымен сұхбаттасқан едік.



— **Қаржылық сауаттылық дегеніміз не?**

— Қаржылық сауаттылық өзінің және өз отбасының өмір сүру сапасын арттыру үшін қажет. Ай сайын табатын жалақыңыздың қалай жұмсалатынын, қайда кететінін әр тиынына дейін жоспарлап, болашаққа ақша жинау керек. Әрине, құрдастарыңыз бен достарыңыз телефонның соңғы маркасын алғанда қызығатын шығарсыз. Алайда, бұл өткінші сезім. Ешнәрседен өзіңізді шектемей, қаражат жағын уайымдамай өмір сүру үшін ақшаны сауатты түрде жұмсаған абзал. Адамдар қаржыға қатысты ақылға қонымды шешімдер қабылдамаған кезде, тұтынушылық және ипотекалық несиелер бойынша берешектер ұлғаяды, алаяқтардың саны да көбейеді, қылмыс деңгейі өседі, экономикалық тұрақтылық құлдырайды. Ал көп адам ақшаны сенімсіз жекеменшік банктерге салады немесе табысты арттыру үшін заңсыз кәсіптермен айналысады, күмәнді құралдарды пайдалану арқылы банктік қаржыны шешуге тырысады. Алайда, мұның барлығының залалы алдымен мемлекетке келіп тиері сөзсіз.

— **Сонда ол сауаттылықты қалай үйренеміз?**

— Қаржыны сауатты түрде жұмсау үшін, біріншіден, жоспар құра білу керек. Одан кейін мақсатты айқындаған жөн. Мысалы, 150 мың жалақы алатын басы бос адам бір айда пәтер жалдаса, пәтерге 25–30 мың, коммуналдық қызметіне 5 мың, жол ақысына 10 мың, тамағына 50 мың жұмсайды делік. Сонда ол адамның бір айлық өміріне шамамен 110 мың теңге қажет. Осындай кезде жалақыдан қалған ақшаны міндетті

түрде депозитке салған дұрыс. Әрине, қазір бір ғана негізгі жұмысты істеп өмір сүру оңай емес. Сондықтан қосымша табыс көзін іздеген жөн. Дос-жаранның туған күні, тойы не өзіңізге қажет жана жейде сияқты шығын-ыңызды дәл осы қосымша табыс көзі қамтиды. Бұл — қаражатты реттеудің жалпы бір моделі. Әр адам өзінің күнделікті шығысы мен қажеттіліктерін ескере отырып, қаражатты жұмсау жоспарын құруы керек.

— **Қаржыны қалай көбейтеміз?**

— Көбіміздің 9 сағатымыз кенседе өтеді. «Қай кезде қосымша жұмыс істеп үлгереміз?» деп ішіңізден айтып отырсыз. Мәселені шешудің екі жолы бар: біріншісі — тұрақты түрде ақша жинау, екіншісі — сол жиналған ақшаны кіріс көзіне айналдыру. Жылдар бойы тиындап ақша жинайсыз да, жүгіріп барып көлік сатып алмайсыз. Сабырлық танытасыз. Бүгінгі күннің жайлылығын емес, ертеңгі күннің қамын жейсіз. Ай сайын кіріс алып келетін дүниеге қаржыңызды құясыз. Немесе уақыт өте келе құны өсетінді бүгін сатып аласыз да, қолайлы уақытты күтесіз. Мысалы, күні кеше далада шемішке сатып отыратын жігіттер — бүгінде үлкен-үлкен компаниялардың басшылары. Мұндай деңгейге олар қалай жетті? Шемішкeden түскен пайдаға олар ішіп-жеген жоқ, киінген жоқ, керісінше тұрақты түрде жинап отырды. Жиналған ақшаға дүңгіршек сатып алды. Дүңгіршектің бизнесі дөңгеленген кезде көлік сатып алып тайрандаған жоқ. Кафе сатып алды. Жаңа бизнесі аяққа тұрған кезде қонақүй тұрғызады. Сөйтіп, көкжиегін кеңейте береді.

— **Ал депозитті пайдалану жолдары қандай?**

— Бүгінде әрбір екінші маман: «Депозит ашып, ай сайын жалақының 10 пайызын салып жүр» дейді. Бірақ ол ақшаны не үшін жинап жатқаныңызды білмесеңіз, тірнектеп жинағаныңызды кез келген уақытта пайдасыз дүниеге жұмсай салуыңыз бек мүмкін. Сондықтан міндетті түрде қаражатты не үшін жинап жатқаныңызды анықтап алыңыз. Мақсат екеу болса, екі депозит, үшеу болса, үш депозит ашқан жөн. Егер мақсат бір-екі жылда орындалатын болса, депозитті теңгемен ашуға болады. Ал баспана не үлкен дүние алу үшін ұзақ мерзімді депозит ашқан жақсы. Оны доллармен жүргізген ыңғайлы. Өйткені, теңге бірнеше жылда құнсызданып қалуы мүмкін. Негізі, ұзақ мерзімді мақсатқа, қысқа мерзімді мақсатқа және төтенше жағдайға арналған үш депозитіңіздің болғаны дұрыс.

Сұхбаттасқан
Ақтолықн ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ІЛТИПАТ



Ақтолықн
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Nur Otan партиясының мүшелері үздік бейнеролик байқауында жеңіске жеткен еңбек және тыл ардагері Надежда Непомилуева мен ҚР еңбек сіңірген қайраткері Асылы Османды марапаттады. Бейнероликте олардың өмірі мен еңбек жолы, сондай-ақ Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жетістіктеріне деген өзіндік көзқарасы баяндалады.

Жеңімпаздар Елбасының мемлекеттің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқанын атап өтіп, жастарға ақжарма тілектерін білдірді. Аталған бейнероликтер әлеуметтік желі қолданушыларына кеңінен танылды. Мысалы, Надежда Непомилуева — еңбек және тыл ардагері, еңбек жолын ҰОС жылдары пошташы болып бастаған. Зейнеткер қазіргі уақытта қаланың қоғамдық

САЛЫҚ

Салғырттық сан соқтырады

Салықты дер кезінде төлемеген алматылықтар көлігінен айырылуы мүмкін. Мемлекеттік кірістер департаменті қала бойынша көлік құралына салынатын салықты төлемеген жүргізушілердің көлігін алып қауу бойынша рейд жұмыстарын жүргізуде. Бұл шара осы жылдың соңына дейін жалғаспақ.



Динара
МҰРАТ

Рейдті Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жеке сот орындаушылар палатасы, Әділет департаменті және Жол полициясы қызметкерлерімен бірлесіп жүргізуде. Департаменттің баспасөз қызметінің хабарына сенсек, Алматыда жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық бойынша берешегінің жалпы сомасы 3,6 млрд. теңгені құрайды (2,6 млрд. теңге — негізгі қарыз болса, 1 млрд. теңге — өсімақы).

«Борышкерлер саны — 40541. Олардың берешегін өндіріп алу туралы бұйрықтар шығарылды және мәжбүрлі түрде өндіріп алу үшін атқарушылық іс жүргізу органдарына (Әділет департаменті және жеке сот орындаушыларының палатасына) берілді», — деп түсіндірді департаментте.

Өз кезегінде сот орындаушылары банктік шоттарға тыйым салу, мүлікті иеліктен шығару, сондай-ақ елден тыс жерлерге көшу құқығын шектеу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Борышкерлер әлеуметтік төлемдер немесе жәрдемақылар, білім беру депозиттерін алу үшін қажетті шоттардан басқа шоттар аша алмайтынын атап өту керек. Сондай-ақ, салық міндеттемелерін өтемеген жағдайда заңнамада белгіленген мерзімде өсімпұл есептеледі.

Жеке тұлғалар көлік құралына салықты 1 сәуірден кешіктірмей төлеуі керек. Салықтарды E-Salyq Azamat мобильді қосымшасы, Egov порталы арқылы, Қазпошта бөлімшелерінде, сондай-ақ, Екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшасы арқылы төлеуге болады.

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті қала тұрғындарын салықты уақытылы төлеуге шақырады.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

«Сергек» қашанда сергек

Алматыда жыл басынан бері ресейлік нөмірлермен автокөлік жүргізушілері жіберген 59 364 құқық бұзушылық тіркелді. Polis.kz ақпаратна сенсек, айыппұл сомасы 21,3 млн. теңгеден асып жығылады.

— Жол қозғалысына қатысушылардың осы санаттағылардың көлік жүргізу тәртібі өте нашар. Көлік жүргізушілері шет мемлекеттердің нөмірлері «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» мен «Сергек» автоматтандырылған ақпараттық жүйелері арқылы танылмайды деп жаңылысып, көп жерде жол қозғалысы ережелерін бұзып жатады: жылдамдықты

шектен тыс асырады, бағдаршамның тыйым салынған белгісіне қарамай, қиылыстарды кесіп өтеді, қарсы келе жатқан жолаққа өтеді, жол белгілері мен таңбалау талаптарын сақтамайды және т.б. Мұндай мәдениетсіздік көбінесе апаттар мен қайғылы зардаптарға әкеледі. Түрлі қулыққа бару арқылы жауапкершіліктен жалтару әрекеттері сәтті аяқталмайтынын және нәтижесіз болатынын ресми түрде мәлімдейміз. Заң — бәріне бірдей. Жол қозғалысы ережелері қатаң сақталуға тиіс, — деді Алматы қалалық ПД бастығының бірінші орынбасары Нұрлан Алмасбеков.

Соңғы деректерге сәйкес, Алматы жолдарында шет елде тіркелген көліктердің қатысуымен 50-ден астам ауыр жол апаты орын алған. Салдарынан



бір адам қаза тауып, 59 адам жаракат алды.

— Естеріңізге сала кетейін, Наурызбай ауданында адам өліміне әкеп соққан жол-

көлік оқиғасы болды. РФ тіркелген ВАЗ автокөлігінің жүргізушісі, 2001 жылы туған О. есімді азамат Карьерная көшесімен солтүстік бағытта келе жатып, қарама-қарсы бағыттағы жолаққа шығып, КамАЗ көлігімен соқтығысты. Осы оқиға салдарынан ВАЗ жүргізушісі оқиға орнында қаза тапты. Бостандық ауданында ауыр зардаптарға әкелген тағы бір жол-көлік оқиғасы орын алды. Нөмірі Ресейде тіркелген Infiniti жүргізушісі әл-Фараби даңғылымен келе жатып, рөлді басқара алмай қалды және бөгетке соқтығысты. Осы жол-көлік оқиғасы салдарынан жас жолаушы әйел ауыр жарақат алды. Жүргізуші қылмыстық жауапкершілікке тартылды, — деп түйіндеді Н.Алмасбеков.

Әзірлеген
Динара МҰРАТҚЫЗЫ.



ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында қазақ ән өнерінің бұлбұлы, КСРО және Қазақстанның халық артисі Бибігүл Төлегеновамен егемен ел, ондағы өнер өкілдері, жалпы, өмір туралы аз-кем сұхбаттасқан едік.

ЖАС
БУЫНҒА
АМАНАТНұржамал
ӘЛШЕВА

– Бибігүл Ахметқызы, Тәуелсіздігімізді ең алғаш қалай қабылдағаныңыз есіңізде ме?

– Әрине, есімде. Үлкен қуанышпен қабылдадым. Әрі, жасыратыны жоқ, көңілге аздап алаң да кірген. Себебі, оған дейін ұзақ жылдар бөтенге тәуелді болған елдің енді келіп өзімен-өзі, аңтарылып қалуы заңдылық қой. Сондықтан бізге бәрін де ең басынан бастау керек болды. Бұл орайда мемлекет те, халық та, оның ішінде біз секілді өнер адамдары да қарап қалған жоқ, алға қадам баса бердік. Иә, алғашқы уақыттарда өте қиын болды. Шығармашылық адамдары да құлдырауды бастан өткерді.

Жұрт театрға баратын жолды мүлдем ұмытты. Концерттік бағдарламалар ұйымдастыру да күн тәртібінде болған жоқ. Санаға тұрмыс үстемдік ете бастаған кезең. Өмір сүргің келе ме, қолыңа күрек алып жер қазсаң да, ақша тауып, өзінді-өзің бақ деген ұстаным болды.

Шамамен бес жылдан соң біз Қала күнінде (ол кезде Ақмола еді) сахнаға шығып өнер көрсеттік. Сол кезде мен жиналған халықтың жанарынан алғаш рет нұрды, қуанышты көрдім. Түрлі шоу, ойын-сауық іс-шаралары, айтулы мерекелер де сол шақтарда жиі көрініс бере бастады. Ал Тәуелсіздіктің 10 жылдығында біз аяғымызды нық басып тұрдық. Бізді осы күндерге бабалар қанымен дарыған адамгершілік, мейірім, төзім және сабыр сынды қасиеттер жеткізді деп білемін.

Міне, 30 жылдыққа да келіп жеттік. Біз таңдаған жол – ашық та даңғыл. Бізді бүкіл жаһан таниды. Біз үшін бұдан асқан мәртебе болуы мүмкін емес!

– Бүгінгі таңдағы шығармашыл интеллигенцияның міндеті қандай деп ойлайсыз?

– Олардың міндеті – өнерге адал қызмет ету. Қашанда да солай болған, солай болып қалуы тиіс. Өнер адамдарының жұмысын мен дәрігерлермен салыстырған болар едім. Ақ халатты абзал жандар адамның тәнін емдесе, өнердің өкілдері жанын емдейді. Осынау өмірде қандай жағдайлар болмасын, саптан шығып кетпей, өз миссиямызға әрдайым адал болсақ деймін.

Мемлекет басшысы тарапынан еліміздің мәдениетіне, руханиятына, өнеріне деген қолдауы әрдайым жоғары. Кейінгі жылдары егемен елімізде талай концерт залы бой көтерді. Сондай-ақ, бүгінде барлық мәдениет сарайы, мәдениет үйлері жаңғыртылды. Дарынды, өнерлі балаларға да үлкен сахнаға шығуына мүмкіндік мол. Бақытты бүгінгі ұрпақ!

Ал менде балалық шақ болған жоқ. Қуыршағым да болмады. Әкемді «халық жауы» деп, жеті жасымда ұстап әкеткен-тін. Сосын бұғанам бекімей жатып қара жұмысқа араласып, анама көмектестім. Жалпы, біз ерте есейген ұрпақпыз. Нәубетті ашаршылықты да, ел басына қиын күн туған соғысты да көрдік. Біреудің кірін де, еденін де жудық, үйін әктердік. 12 жасымда ағаш өңдейтін зауытқа жұмысқа тұрдым. Одан шыққан қалдықтарды үйге отындыққа әкеліп, соның жылуына бір үйлі жан бірге жылы-

натынбыз. Арасында әскери госпитальге барып, жауынгерлерге хат жазуға көмектесіп, ән салып та беретінмін.

Өнерге бүлдіршін күнімнен ынтық болдым. Кішкентай орындыққа шығып алып бар даусыммен ән салатынмын. Бойымды ұзын етіп көрсетемін деп пимамның ішіне зат салып киіп, ән шырқалып жатқан ортаға кіріп кетіп, ән тыңдағанға құмар едім. Бірде залға кіресің, бірде сыймай қаласың. Кейде тіпті клубтан шығарып та жіберетін. Сонда да өнерге деген махаббатым шексіз болды. Шығармашылық жолымның басым бөлігінде ауыл-аймақты араладым. Шахтерлар, егіншілер, малшылар, қара жұмысшыларға концерт бердім. Халықтың ең ортасында жүргенімнің арқасында осы дәрежеге жеттім. Өзің адал болса, өзгелер де саған адал болады.

– Үлкен-кішіге не тілек айтар едіңіз?

– Егемен ел үшін еңбек етемін деген адамға бар жағдай жасалған қазір. Сондықтан көзіқарақты, он екі мүшесі сау келген адам тамақ үшін ғана емес, ел үшін, жер үшін еңбек етуі керек. Ал ел мен жерге төгілген маңдай тер текке кетпейді дегім келеді. Үлкен мен кіші бір-біріне қамқор, мейірбан болсын деймін. Жатсам да, тұрсам да, үнемі елдің тыныштығын тілеп отырамын. Еліміз аман болсын! Бұл – сергек ойлы, зерделі, дарынды, ақылды, білімді жастардың елі. Мәңгілік елді жасайтын да сол жас буын. Кейінгі ұрпаққа аманат еткен Тәуелсіздігіміз тұғырынан таймасын дегім келеді.

– Әңгімеңізге рахмет!



КИНОКЕҢІСТІК

«Оскарға»
ҰСЫНЫЛДЫАқтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Режиссер Әділхан Ержановтың «Сары мысық» картинасы «Шет тіліндегі үздік фильм» санатындағы «Оскар» киножүлдесіне ұсынылды.

Фильм қазақстандық «Бонни мен Клайдтың» оқиғасын баяндайды. Бұл қылмысқа барған жас Кермек пен жолдан адасқан қыз Еваның махаббат тарихы, ерлі-зайыптылардың арасындағы қиындықтар мен олардың дұшпандық әлемге қарсы тұруы. Кермектің рөлін ресейлік актер Азамат Нигманов ойнады, көрермен оны Алексей Мизгиревтің «Конвой» және Андрей Шальопаның «28 панфиловшылар» фильмдерінен таниды. Еваның рөлін жас қазақстандық актриса Камилла Нұғманова орындады. Ол бұрын Нариман Төребаевтың «Үлкен қаланың балшығы» және Әлішер Сүлейменовтің «Шатырдағы бұлт» фильмдерінде ойнаған. «Сары мысық» – Ержановтың толықметражды 9-шы көркем фильмі.



Картинаның әлемдік премьерасы былтырғы жылы 77-ші Венеция кинофестивалінің «Көкжиектер» конкурстық бағдарламасында өтті. Кейінірек туынды бірқатар фестивальдерге қатысып, көптеген марапаттарға ие болды, соның ішінде Верона (Италия) және Брюгге (Бельгия) фестивальдерінде «Үздік фильм» үшін Гран-При, сонымен қатар Швецияның Стокгольм қаласындағы Норе IFF кинофестивалінде «Үздік режиссер» сыйлығына ие болды. Сондай-ақ, осы жылдың басында «Сары мысық» ресейлік «Ника» фильміне ұсынылды.

«Оскар» номинанттары тізімін жариялау 2022 жылдың 8 ақпанында, ал марапаттау рәсімі 2022 жылдың 27 наурызында өтеді. Қазақстандық көрермен «Сары мысық» фильмін Kinopoisk стримингтік платформасында көре алады.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



Кино апталығы

Алматыда «Қазақ жаңа толқыны» кинофестивалі басталды. Көрермендер алғаш рет қазақстандық фильмдерді үлкен экранда көре алады.

Фестиваль бағдарламасы аясында танымал қазақстандық режиссерлердің әйгілі картиналары, прокатқа шықпаған сирек жұмыстары ұсынылады. Осылайша көрермендер режиссер Абай Қарпықовтың «Влюбленная рыба» және «Фара», Ардақ Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі», режиссер Рашид Нұғмановтың Виктор Цоймен бірге жасаған туындысы «Ине», Серік Апрымовтың «Соңғы аялдама» және т.б. фильмдерді көре алады. Фестивальдің әр күні режиссерлердің біріне арналады. Сондай-ақ, фестиваль барысында көрермендерді ауқымды қоғамдық бағдарлама, кинорежиссерлермен тақырыптық кездесулер, шеберлік сыныптары күтеді.

Күні мен уақыты: 12–21 қараша. Сайтта көрсетілім кестесін нақтылау керек (<http://tselinnny.org/kazakhstanwave>).

Өтетін орны: «Арман» кинотеатры (Достық даңғылы, 104).

Жаңа маусым ашылады

Осы жексенбіде Шымбұлақта тау шаңғысы маусымы ашылады. Шаңғышылар мен сноубордшылар үшін күндіз де, түнде де жолдар қайтадан қолжетімді болады.

Сонымен қатар, 20 қарашаға қарай Талғар асуынан түнгі сырғанауды өткізуге болатын Талғар трассасын қосымша жарықтандыру құрылысын аяқтау жоспарлануда. Оның ұзындығы 3640 метрді құрайды, ал жарықтандыру алаңы екі есе артады.

Айта кетерлігі, отандық «Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты ТМД және Орталық Азиядағы ең ұзын жарықтандырылған трасса саналады. Ал Алматы тау шаңғысы инфрақұрылымының жаңартуларын барлық ниет білдірушілер көре алады, өйткені мұнда жаңадан келгендер үшін де, тәжірибелі шаңғышылар үшін де барлық жағдай жасалған. Жабдықтарды жалға беру пункті, нұсқаушылар жұмыс істейді, туристерге түрлі Қысқы ойын-сауық бағдарламасы ұсынылады. Сонымен қатар, «Шымбұлақ» демалыс орны бірыңғай маусымдық шаңғы жолы, басқаша айтқанда абонемент ұсынады. Ол курорттың және басқа жолдардың қызметтерін пайдалануға мүмкіндік береді.



Күні мен уақыты: 14 қараша, басталуы сағат 9.00.

Өтетін орны: «Шымбұлақ» тау-шаңғылық курорты (Керей-Жәнібек хандар көшесі, 558/1).



Екі музының одағы

Ерекше шығармашылық кеш жексенбі күні Жамбыл атындағы филармонияда өтеді. DUOS with ORGAN концерті органмен дуэтте аспаптық және вокалдық музыканы біріктіреді.

Қонақтар үшін орган сүйемелдеуімен әлемнің жетекші композиторларының сонаттары мен ариялары шырқалады. Орындаушылар: халықаралық байқаулардың лауреаттары Динара Базарбаева – Сахаман (скрипка), Малика Михлина (гобой), София Благодарная (вокал), Жанар Хидуанова (орган).

Күні мен уақыты: 14 қараша, басталуы 18.00.

Өтетін орны: Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясы. (Қалдаяқов көшесі, 35).



Жүлдегер атанды



Ақтолықын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Қазақстандық танымал режиссер Дәрежан Өмірбаев XXXIV Токио халықаралық кинофестивалінің конкурстық бағдарламасына қатысқан «Ақын» фильмі үшін «Үздік режиссер» жүлдесін жеңіп алды.

«Фестивальдің қазылар алқасы жүлдеге лайықты деп Дәрежан Өмірбаевты таңдады, өйткені режиссердің тек өзіне тән қолтаңбасы баршаға ұнады. Бұл туындыдан ақын болудың қаншалықты қиын екендігін түсінуге болады. Бүгінгі күні поэзия әлемі тәуелсіз киногогерлерден бөлек, барша адамзаттың жүрегінен орын алатын әлем екендігін мойындауымыз қажет. Туындыны адамзаттың рухани дамуына теңдессіз үлес қосатын өнерге немқұрайды қарамайтын адамдардың еңбегі ретінде бағалаймын», – дейді киносыншы, қазылар алқасының мүшесі Крис Фудживара.

Қазақстандық режиссер өз өнерін жоғары бағалаған қазылар алқасы мен фестиваль көрермендеріне алғысын білдіріп, көркем туындының нақты бағасын уақыт беретінін айтты.

– Бұл – менің ғана емес, бүкіл түсірілім тобының жеңісі. Фильм, ең алдымен, отандық көрермендерге арналған. Осының алдында түсірілген менің басқа фильмдеріме қарағанда бұл туындыны мазмұны мен проблематикасы жағынан ұлттық кино деуге болады. Фильмде қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты проблемалар көтерілген. Алайда, бұл – көпшілікке ортақ мәселе, өйткені бүгінде қаншама тілдер жойылып барады, тіпті жазушыларды да ешкім керек етпейді, – деді режиссер Дәрежан Өмірбаев.

«Ақын» фильмінде Дидар есімді қаламгердің өмірі баяндалады. Фильмнің сценарийі неміс жазушысы Герман Гессенің «Авторлық кеш» желісі бойынша жазылған. Фильмдегі басты рөлді «Жігіттер» тобының әншісі Ердос Қанаев ойнаған. Кинотуындының түсірілімдері Алматы қаласында өтті.

1980 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Tokyo International Film Festival кинофестивалі – Халықаралық кинопродюсерлер қауымдастығы федерациясының (FIAPF) тіркеуінен өткен, «А» санатындағы әлемдегі үздік 15 кинобайқаудың қатарына кіретін беделді фестивальдердің бірі.

АНИМЕ

ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ҚАЙНАРЫ

Жапонияда пайда болған анимациялық стильге жастардың еліктейтінін көріп жүрміз. Замандастарымыздың басым көпшілігінің киім киісі, сөйлеуі, тіпті жүріс-тұрысы да анимация кейіпкерлерінен аумайды.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ал осынау туындылардың қалай пайда болғанын жұрттың бірі білсе, бірі біле бермейді. Көпшілікті өзінің әлемімен баурап, қиял-ғажайыпқа ерік бергізетін туындылар ең алғаш 1917 жылы Жапонияда пайда болды. Ұзақтығы 1 минуттан 5 минутқа дейін созылады. Алғашқы анимациялық фильм Декотен Шимокаваның «Жаңа эскиздік альбомы» болды. Аталмыш фильм қара тақтаға бормен кескін салып, суреттерін киноға түсіру арқылы жарық көрді. 1920 жылдары Жапонияда анимациялық фильмнің ұзақтығы 15 минуттан аспады. Сол кезде аз уақыт ішінде жасалынған анимацияның барлығы дерлік жеке суретшілердің кішкентай студиясында жасалып, прокатқа құқық алу үшін кинематография мен кинопрокат компаниялары арқылы қаржыландырылып отырды.

Әдетте, аниматорлар батыстың әңгімелерін, мысалы, әйгілі американдық комикс пен көбінесе классикалық қытай және жапон ертегілерін дәстүрлі жапон графикасы стилінде де, еуропалық стильде де қолданды. Аниме стилі көрермендерді жасына қарай бөледі.

Кодомо – 12 жасқа дейінгі балаларға арналған, негізінен, ертегілерге қатысты.

Шоуэен – ерлер аудиториясына арналған, 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге;

Шоджо – 18 жасқа дейінгі қыздарға;
Сейнен – ересек ер адамдарға;



Джо – 18 жастан асқан қыздарға арналған.

Бүгінгі таңда күншығыс елінде жыл сайын 50-ден астам анимациялық сериалдар мен фильмдер шығарылады. Олардың көпшілігі кейіннен басқа тілдерге аударылып, әлемнің көптеген елдеріне, соның ішінде Қазақстанға да шығарылады. Кез келген аниме астарында манга жатыр. Манга – жапон комиксі. Яғни бірінші манга шығады. Сол манганың суреттерінің салынуы стилімен аниме түсіріледі. Анимедегі бүгінгі бізге таныс үлкен көзді, сымбатты,

кердің шашы арқылы да көп дүние аңғартуға болатынын түсінді. Анимеде көз бен шаш ерекше рөл ойнайды. Мысалы, көбіне мейірімді, жақсы кейіпкерлердің көзі үлкен болса, жағымсыз кейіпкерлердің көзі қысыңқы немесе шашы көзін жауып тұрады.

Анименің қарапайым мультфильмдерден тағы бір ерекшелігі – оның секундқа бөлгендегі кадр санында. Мысалы, дәстүрлі фильмдерде бір секундта 24 кадр болады. Ал анимеде 8–12 кадр арасында. Бұл Осаму Тедзукаға аниме сериалын түсіру үшін бөлінген қаржының аздығынан болған деседі.

Жалпы, «аниме атасы» саналатын Тедзука Дисней туындыларын өте таяз ойлы деп сынаған. Сондықтан ол интеллектуал кейіпкерлер жасауға тырысқан. Бүгінгі күнге дейін осы негізгі принциптер өзгере қойған жоқ. Сонымен де аниме адамды өзіне баурайтын секілді. Тұтастай алғанда, мультфильм, аниме сынды қолдан салынып, актерлердің қатысуынсыз жасалған туындылардың барлығы дерлік балаларға арналғандай көрінетіні бар. Дегенмен, қарапайым мультфильмдерді солай бағаласақ та, анимеге қатысты бұлай деу мүмкін емес. Анименің тағы бір ерекшелігі де осында. Аниме оқиғалары көбіне қолдан жасалған әлемде өрбиді. Ол жақтың заңы басқа. Мысалы, алхимия әлемі, әруақтар әлемі, барзақ әлемі немесе алып адамдар өмір сүретін әлем болып бөлінетіні тағы бар.



сұлу кейіпкерлердің барлығы Осаму Тедзука салған мангадан бастау алады. Ол «Дисней» мультфильмдерін қарап отырып, көзі үлкен кейіпкерлердің адамдарға өте ұнамды көрінетінін байқаған. Сонымен қатар, кейіпкердің көзі үлкен болған сайын оған эмоцияны да көптеп сыйдыруға болады. Осаму Тедзуканың Дисней туындыларынан алған тағы бір дәстүлі – кейіпкер шашы. Ол кейіп-

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?



Сезімге толы ән

«Сахна» музыкалық-драма театры «Дударай» спектаклін ұсынады. Спектакльдің негізінде халық арасында кеңінен танымал әрі сүйікті орыс қызының қазақ жігіті Дүйсенге деген махаббаты, ұлттық және діни наным-сенімдерге сай келмейтін сезім күші туралы ән жатыр. Әннің авторы – Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор Мария Рыкина. Ұлы Отан соғысы жылдарында Мария апай өлеңдерін майданға аттанған жерлеріне арнады. Соғыстан кейін оған Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері атағы берілді. «Дударай» әні әртүрлі ұлт адамдарының махаббатына, жылулығына және достық рухына толы.

Күн мен уақыты: 12–14 қараша, сағат 19.00.
Өтетін орны: «Сахна» театры (Рысқұлбеков көшесі, 28/2).

Алматыда жаңа көркем-экологиялық жоба жүзеге асырылуда. Суретші Ирина Кузнецова ҚР туристік саласын, табиғатты және жануарлар ортасын қорғауды, адам өмірі үшін экологиялық таза технологияларды дамытуды қолдау мақсатында экспозиция құрды.

